



Қазақ тілі мен әдебиеті

Емтихан жұмысының сипаттамасы

Оқылым және жазылым 3 сағат

Емтихан жұмысы 2 бөлімнен тұрады.

Тапсырмалар жалпы көлемі 400 сөзден тұратын төрт қысқа мәтін үзінділеріне негізделеді.

1-бөлім білім алушылар мәтін үзінділерінде келтірілген ойдың берілген 10 тұжырыммен өзара байланысын анықтап, қай мәтінге қатысты екенін тауып белгілейді. Балл саны - **10**.

2-бөлімде білім алушылар мәтін негізінде берілген сұраққа өз көзқарастарын білдіріп, 150-200* сөзден тұратын жазба жұмысын орындайды. Тапсырмада білім алушылардың мәтін ақпаратын өңдеп қолданып, стильдік және жанрлық ерекшеліктерге сай аргументтер келтіре отырып, жүйелі және сенімді жаза алуы, өз ойларын дәлелді жеткізуі, сонымен бірге сөздік қор мен орфографиялық, грамматикалық норманы сауатты қолдану қабілеттері бағаланады. Балл саны - **30**.

Максималды балл 40 балл

Емтихан жұмысына балл қою және баға беру

Емтихан жұмысының балдары	Балдардың проценттік құрамы, %	Баға
0-15	0-39	2 (қанағаттанарлықсыз)
16-25	40-64	3 (қанағаттанарлық)
26-33	65-84	4 (жақсы)
34-40	85-100	5 (өте жақсы)

Балдардың үлестірілуі

БМ 1 - Коммуникативтік құзырлық 30б.

БМ 2 - Тілдік құзырлық 10б.

Коммуникативтік құзырлық

Білім алушы:

- мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтап, мәтін идеясымен байланысын анықтауы;
- қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеуі;
- түрлі стильдегі мәтіндерден басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерді іріктей алуы;
- белгіленген оқу стратегияларын пайдалануы тиіс.

БМ 1

Тілдік құзырлық

Білім алушы:

- сөз, сөйлем, мәтін деңгейінде грамматикалық нормаларды сақтауы;
- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білуі тиіс.

БМ 2



Толық ақпарат осында